ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 19 маусым №7119-24-00-2/6964 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

«Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – РМҚК)

ЖАУАПКЕРЛЕР:

"Сагатова" Жеке кәсіпкері (бұдан әрі- ЖК)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ::

1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

СИПАТТАУ БӨЛІГІ::

«Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры» РМҚК баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы:

"Сагатова" жеке кәсіпкермен жалпы сомасы 3 234 56 теңгеге Артқы жағы бар театрландырылған банкеттерін жасау бойынша жұмыстар 2024 жылғы 05 сәуірдегі №80 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды.

Шарттың талаптарына сәйкес банкеттерді өндіру мерзімі шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде немесе 2024 жылдың 05 мамырына дейін.

Жауапкер белгіленген мерзімде өз міндеттемелерін орындамаған, сондықтан тапсырыс беруші 2024 жылдың 20 мамырында келісім-шартты бұзу ниеті туралы хабарлама жіберген.

ҚР АПК 267-3 бабының 5 тармағына сай, пікірді, дәлелдемелерді және өзге де құжаттарды ұсыну үшін сот белгілеген мерзімдер өткеннен кейін сот тараптарды шақырмастан, істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электрондық форматта қарайды.

Прошнуровано и пронумеровано

Іс қозғалған кезде жауапкер қозғалған іс туралы талап арыздың және сот ұйғарымының көшірмесімен тиісті түрде Сот кабинет арқылы хабардар етілді (2024 жылдың 30 мамырында алынды) алайда белгіленген мерзімде жазбаша қарсылықтарын жолдаған жоқ.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ

1 талабы бойынша.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 5 тармағына сәйкес, осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік Қаулысының 8-тармағына сәйкес /әрі қарай - НҚ/ - мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы кажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

НҚ-ның 3 тармағына сай, әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анык емес акпарат беру фактісін анықтаған органдар, тапсырыс беруші Заңның 12-бабының 4-тармағында көзделген жағдайда, әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз катысушы деп тану туралы талап коюмен Заңда белгіленген мерзімдерде сотка жүгінуге міндетті.

Бұл мерзімдер түпкілікті болып табылады, осы мерзімдердің өтуі әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосыксыз катысушы деп тану туралы арызды канағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Істі карау барысында өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындалмағаны аныкталды, істі караған күні шарттың орындалғаны туралы мәлімет жок.

ҚР АК 401 бабының 2 бөліміне сәйкес, тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы

болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп соқса бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Сатып алу жоспарында көзделген бюджет қаражаты игерілмегені анықталған, тапсырыс беруші шарт жасасу кезінде күткенін алмаған, бұл ол үшін жағымсыз салдарлар болған деген қорытындыға әкеледі.

Жоғарыда айтылғандар, өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға мүмкіндік беретін, бір мезгілде екі фактор – өнім берушінің кінәсі және тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлардың туындауынан көрінетін белгілердің заңда көзделген жиынтығы бар дегенді білдіреді.

Мұндай жағдайларда өнім берушіні мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатусышы деп тану туралы талабы орынды және қанағаттандыруға жатады.

2 талабы бойынша

Заңының 43-бабының 24 тармағына сәйкес өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай-АК) 293 бабына сәйкес, борышкер міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Бұл іс бойынша, талапкер шарттың 8.3 тармағына сай, 54 988 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талапкермен өсімпұлды есептеу 2024 жылғы 06 мамырдан 22 мамырға дейінгі мерзімге немесе 17 күнтізбелік кешіктірілген күн үшін жүргізілді.

Есеп сотпен тексерілді және дұрыс деп танылды, айыппұл мөлшерін азайту ұшін ҚР АК-нің 297 бабының ережелерін қолданудың заңды негіздерін таппады.

ҚР АПК 109 және 117 бабының 3 тармағына сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап коюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры» РМҚК жауапкер "Сагатова» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

"Сагатова» ЖК ЖСН 861127401541 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"Сагатова» ЖК ЖСН 861127401541 мемлекет пайдасына 3 514 (үш мың бес жүз он төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

"Сагатова» ЖК ЖСН 861127401541 «Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры» РМҚК БСН 990340003049 пайдасына 54 988 (елу төрт мың тоғыз жүз сексен сегіз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Көшірме дұрыс:
Судья А.М.Утегенова

Анықтама: Шешімінің заңды күшіне енуі күні - 03.09.2024 жылы.
Судья А.М.Утегенова

119-14-1-16418

Астана қаласының
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
соты

Специализированный
межрайонный
экономический суд города
Астаны

АТҚАРУ ПАРАҒЫ

№ 7119-24-00-2/6964-2

Астана қаласы, Абая көшесі, 36 ғимара

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 20.06.2024 ж. талап қоюшы

республиканское государственное казенное предприятие «Казахский национальный музыкально-драматический театр имени Калибека Куанышбаева» Комитета культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан

(талапкерлердің Т.А.Ә)

Жанабилова Гулбахыт Аскаровна

(жауапкерлердің Т.А.Ә.)

соманы өндіріп алу туралы

(орындалу пысанасы)

талап арызы бойынша азаматтық ісін қарап,

Шешім етті/Ұйғарым етті: "Сагатова» ЖК ЖСН 861127401541 «Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры» РМҚК БСН 990340003049 пайдасына 54 988 (елу төрт мың тоғыз жүз сексен сегіз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Шешімінің заңды күшіне енуі күні - 03.09.2024 жылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 3-ші бөлігіне, Қазақста Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 21-бабының екінші бөлігіне сәйкес заңд күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулыларымен бұйрықтары, сондай-ақ сотта мен судьялардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен басқа д жолданыстары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдар қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үші бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалу тиіс. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 241-бабының бірінш бөлігіне сәйкес шешім, дереу орындалатын жағдайлардан басқа, ол заңды күшіне енгенне кейін, заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалады. Дереу орындауға жататын со шешімдері Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 243-бабынд көрсетілген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасы Заңының 128-бабына сәйкес сот орындаушысының заңд

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.

талаптары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, азаматтар мен ұйымдар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Осы атқару парағының негізінде **Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты жылы** осыған қатысты барлық лауазымды адамдар мен азаматтарды, сот ШЕШІМІН уақытылы және дәл орындауды міндеттейді.

Барлық мемлекеттік және лауазымды адамдар сот шешімін орындау кезінде сот орындаушысына көмек көрсетуге міндетті.

Атқару парағы аса маңызды құжаттар есебінде сақталуға жатады: тапсырыс хатпен жолданады, жауапкердің қолына берілмейді, жауапкер жұмыс орнынан босатылған жағдайда атқару парағын кәсіпорынның әкімшілігі сот орындаушысына кері қайтарады немесе оның жазбаша сұранысы бойынша беріледі.

Өндірушінің толық атауы және мекенжайы:

Өндірушінің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер өндіруші заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компаниянын атауы: республиканское государственное казенное предприятие «Казахский национальный музыкально-драматический театр имени Калибека Куанышбаева» Комитета культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан

БСН: 990340003049

Тіркеу мерзімі:03.03.1999

Меншік нысаны: Мемлекеттік меншік

Банк реквизиттері: "Қазақстан Халық банкі" АҚ , KZ746017111000000205

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АСТАНА, АЛМАТЫ АУДАНЫ, Қалибек Қуанышбаев 8/1

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АСТАНА, АЛМАТЫ АУДАНЫ, Қалибек Қуанышбаев 8/1

Жауапкердің толық атауы және мекенжайы

Жауапкердің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер жауапкер заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Т.А.Ә.: "Сагатова" ЖК

Туған жылы: 27.11.1986

ЖСН: 861127401541

Туған жері: КАЗАХСТАН, КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ, АРАЛЬСКИЙ РАЙОН

Құжаттың нөмірі N13154019

Банк:АҚ «First Heartland Jusan Bank»

-

Берілген күні 07.12.2020 жылы ҚР ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Заңды мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АСТАНА, Нұра ауданы, ҚАЛА ІШІНДЕГІ

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.
электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.

АУДАНЫ Нұра, УЛИЦА Е 67 6, кв.81

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АСТАНА, Нұра ауданы, ҚАЛА ІШІНДЕГІ АУДАНЫ Нұра, УЛИЦА Е 67 6, кв.81

Аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы	Утегенова Алия Мухамеджанов
Аудандық және оларға теңестірілген сот Әкімшісінің сот отырысының бас маманы–хатшысы	Смагулова Дарина Кайратов

Шығарылу күні 28.09.2024 жы

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
Штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Торелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

Судья _____ Утегенова А.М.